

Коммуникативтік дағдыларды дамыту дағдысы бойынша қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК №8 «Болашақ» бөбекжай-бақшасы.

Қазақ тілі маманы: Кубентаева Улжанат Абдиганиевна

Топ: Қазақ және орыс тіліндегі аралас ортаңғы, ересек тобы «Смешарик»

Жоспардың құрылу кезеңі: 1 апта - 02-06 қыркүйек 2024 жыл

Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Апта дәйек сөзі: Ежелден ел тілегі-ер тілегі, Адал ұл ер боп туса-ел тірегі

Тексерген меңгеруші:



Левченко И.Г.

Дүйсенбі 02.09.2024 жыл	Сейсенбі 03.09.2024 жыл	Сәрсенбі 04.09.2024 жыл	Бейсенбі 05.09.2024 жыл	Жұма 06.09.2024 жыл
<p><b>Уақыты:</b> ортаңғы тобы</p> <p><b>Біз балабақшада не істейміз?</b></p> <p><b>Міндеті:</b> сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақ жаттау. Шағын мәтіндер құрау үйрету</p> <p><b>Тілдік дамытушы орта.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>·Біздің балабақшамыздың іші, сыртқы ауласы тобымызда сұртінетін сүлгілеріміз әрдайым тап-таза, аппақ болып тұрады. Ол кімнің еңбегі деп ойлайсындар?</li> <li>·Балабақшада бізге дәмді тағамдарды кімдер әзірлейді?</li> <li>·Ән, би, дене шынықтыру жетекшілеріміз бізге не үйретеді?</li> </ul> <p>Дәрігер апайымыз не істейді екен? Ал күні бойы сендердің</p>			<p><b>Уақыты:</b> ересек тобы</p> <p><b>Менің балабақшам</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Балабақша туралы түсінікте рін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Диалогке қатысуға үйрету. Балалардың сөздік қорларының қандай деңгейде екендігін қадағалау және ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру</p> <p><b>Міндетінде әр алуан сұрақтар қойылады.</b></p> <p><b>Тілдік дамытушы орта.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>·Балалар үйімізде бізге кім қарап-күтіп, қамқорлық көрсетеді?</li> <li>·Неліктен өз үйім-менің бірінші үйім деп айтамыз?</li> <li>·Ал балабақшаны екінші үйім деп атай аламыз ба</li> <li>·Бұл үлкен үйімізде бізге кім қамқорлық көрсетіп, аялайды? Балабақшада сендер үшін қаншама адам жұмыс істейді. Қане, олар кімдер</li> </ul>	

<p>жандарыңда жүретін апайларың кім?</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Педагог М.Әлімбаевтың «Біздің балабақшада» өлеңін оқып беріп, балалармен бірге қайталайды.</p> <p>Балабақша есігін Сәби болып ашқанбыз. Балапандай мәпелеп Өсіреді бақшамыз. Бұл екінші үйіміз, Біз туғанбыз бәріміз. Біз – осы үйдің гүліміз, Біз-осы үйдің сәніміз.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> <b>Бала, бала, баламыз</b> <i>Е. Өтетілеуұлы</i> Бала, бала, баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа Батамыз да қаламыз!</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> <b>Дәптермен жұмыс.</b> <b>«Балабақшамды безендіремін»</b> Балалар дәптерде салынған балабақша үйін түрлі түсті қарындаштармен безендіріп, ауласын гүлдендіреді. Жұмыс соңында өздерінің балабақшаға деген жылы тілектерін білдіреді.</p>			<p>және не істейді екен? ·Біздің балабақшамыздың іші, сыртқы ауласы тобымызда сүртінетін сүлгілеріміз әрдайым тап-таза, аппак болып тұрады. Ол кімнің енбегі деп ойлайсыңдар? ·Балабақшада бізге дәмді тағамдарды кімдер әзірлейді? ·Ән, би, дене шынықтыру жетекшілеріміз бізге не үйретеді? Дәрігер апайымыз не істейді екен? Ал күні бойы сендердің жандарыңда жүретін апайларың кім?</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Педагог М.Әлімбаевтың «Біздің балабақшада» өлеңін оқып беріп, балалармен бірге қайталайды.</p> <p>Балабақша есігін Сәби болып ашқанбыз. Балапандай мәпелеп Өсіреді бақшамыз. Бұл екінші үйіміз, Біз туғанбыз бәріміз. Біз – осы үйдің гүліміз, Біз-осы үйдің сәніміз.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> <b>Бала, бала, баламыз</b> <i>Е. Өтетілеуұлы</i> Бала, бала, баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа Батамыз да қаламыз!</p> <p>Иілеміз оңға бір,</p>	
---	--	--	---	--

<p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b>  <b>Жүректен жүрекке</b>  Балалар шеңберге жиналып, ойыншық жүрекшелерді алып, балабақшада жұмыс істейтін апайларына өздерінің жылы тілектерін айтып, жүрекшелерді ұжымдық жұмыстағы суреттердің қасына жапсырады.  <b>Күтілетін нәтиже:</b> сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрайды, байланыстырып сөйлеуге дағдыланады.</p>			<p>Иілеміз солға бір.  Тәрбиеші қарайды,  Аяққа бір, қолға бір.</p> <p>Міне, «вагон», кіреміз,  «Пойызбен» жол жүреміз.  «Кемеге» де мінеміз,  Толқындарды тілеміз.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b>  <b>Дәптермен жұмыс.</b>  <b>«Балабақшамды гүлдендіремін»</b>  Балалар дәптерде салынған балабақша үйін түрлі түсті қарындаштармен безендіріп, ауласын гүлдендіреді. Жұмыс соңында өздерінің балабақшаға деген жылы тілектерін білдіреді.  <b>Байланыстырып сөйлеу.</b>  <b>Жүректен жүрекке</b>  Балалар шеңберге жиналып, ойыншық жүрекшелерді алып, балабақшада жұмыс істейтін апайларына өздерінің жылы тілектерін айтып, жүрекшелерді ұжымдық жұмыстағы суреттердің қасына жапсырады.  <b>Күтілетін нәтиже:</b> Ауызекі сөйлеу дағдылары қалыптасады. Балабақша туралы түсініктері кеңиді.</p>	
<p><b>Баламен жеке жұмыс:</b>  <b>«Нені қайда қоямыз?»</b>  <b>Міндеті;</b> Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. - дауысты (а, ә, е, о, ү) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ,</p>		<p><b>Баламен жеке жұмыс:</b> Көжекпен ойналық  <b>Міндеті:</b> Жануарлардың тіршілігі жайлы мәлімет бере отырып,</p>	<p><b>Баламен жеке жұмыс:</b> «З» және «с» дыбыстары (Дыбыстық сөйлеу мәдениеті)  <b>Міндеті:</b> Дыбыс жайлы түсінік беру. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту</p>	

<p>т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу; <b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> -сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру. <b>Байланыстырып сөйлеу:</b> -суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу <b>Шарты:</b> Заттарды атай отырып, оларды қай жерге қоятынын айту (мынау- тон, оны шкафқа ілеміз, мынау -жастық оны жатын бөлмесіндегі кереуетке қоямыз, мынау сабын оны қол жуатын бөлмеге қоямыз т.б.).</p>		<p>аузына сөйлеулерін дамыту, сөздік қорларын толықтыру. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау <b>Шарты:</b> Қоянның іс-әрекетін айту</p>	<p>дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жанылтпақтар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту</p>	
--	--	--	--	--

Коммуникативтік дағдыларды дамыту дағдысы бойынша қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК №8 «Болашақ» бобекжай-бақшасы.

Қазақ тілі маманы: Кубентаева Улжанат Абдиганиевна

Топ: Қазақ және орыс тіліндегі аралас ортаңғы, ересек тобы «Смешарик»

Жоспардың құрылу кезеңі: 2- апта 09-13 қыркүйек 2024 жыл

Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Апта дәйек сөзі: «Жанұям – қорғаным, ата – анам- тірегім»

Тексерген меңгеруші:



Левченко И.Г.

Дүйсенбі 09.09.2024 жыл	Сейсенбі 10.09.2024 жыл	Сәрсенбі 11.09.2024 жыл	Бейсенбі 12.09.2024 жыл	Жұма 13.09.2024 жыл
<p><b>Уақыты:</b> ортаңғы тобы <b>«Жемістер мен көкөністер»</b> <b>Міндеті:</b> Күз туралы білімдерін толықтыру, жемістер мен көкөністер түсінік беру. Оларды ажырата білуге үйрету. Есте сақтау қабілетін, дүние танымын дамыту, сөздік қорын молайту. Балалардың жеміс ағаштарын қорғап оларға қамқор болуына ықпал ету үшін тәрбиелік әңгімелер жүргізу. <b>Тілдік дамытушы орта.</b> <b>«Жемістер мен көкөністер» ертегісі»</b> Баяғы өткен заманда орманда түрлі өсімдіктермен бірге, жемістермен көкөністерде өмір сүріпті. Орманның төбесінен жарқыраған күн ешқашан кетпеген. Сондықтан күз де қыста болмаған, жемістермен көкөністер еш тоңбаған. (орманда өсіп тұрған жемістер мен көкөністерді көрсету) Бір күні күннің бетін бұлт басып, айнала түнеріп, салқындық орнайды, қатты жел соғады. Бұрын мұндайды көрмеген</p>			<p><b>Уақыты:</b> ересек тобы <b>«Бақша мен бақ»</b> <b>Міндеті:</b> Балалардың сөздік қорын заттың сапасы мен құрамын білдіретін (көлемін, түсін, пішінін) сөздермен байыту, балалардың сөздігіне көгөніс пен жеміс туралы жалпы түсінікті білдіретін сөздерді енгізу. ә) Сөздік қорын дамыту және дыбыстарды анық айтуға баулу, ауызша сөйлеуін дамыту. б) Еңбексүйгіштікке, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру <b>Тілдік дамытушы орта.</b> Балалар назарын себеттегі жемістер мен көгөністерге аударып, олардың кез келгенін алып, атын айтып, түсін, пішінін нақтылап сұрау. Мысалы: мынау алма, оның түсі қызыл, пішіні дөңгелек, дәмі тәтті т.б. <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p>	

<p>жемістермен көкөністер қатты тоңып қалтырайды. Өздеріне пана іздеп жан-жаққа кете бастайды. Алма, алмұрт, жүзім, банан, лимон жолға шығады. Жемістер келе жатса, орманның шетінде (үйшікті көрсету) үйшік тұрады</p> <p>Үйшікті көрген жемістер қуанып қалады</p> <p>Үйшіктің есігін қағады. -Бұл үйшікте ата мен әже тұрады екен</p> <p>Ата: -Бұл кім?</p> <p>-Балалар, қане біз жемістерге көмектесейік, әйтпесе атамен әже оларды үйшікке кіргізбейді</p> <p>-Мынау не?</p> <p>-Балалар, алманың пішіні қандай, Түсі қандай?</p> <p>Балалар жемістерге көмектеседі</p> <p>Ата мен әже мәре-сәре болып отырса, тағы есік қағылады, ата келіп ашса, сәбіз, қызанақ, қияр, картоп келіп тұр екен.</p> <p>Қияр айтады: Ата бізді кіргізбесең болмайды, үсіп кетейін деп тұрмыз-дейді.</p> <p>-Ата: сендер кімсіңдер?</p> <p>-Балалар көкөністерге көмектесеміз бе? -өйткені олар тонған, қорыққан, қане көкөністермен таныстырайық атайды</p> <p>Мынау не?</p> <p>-Қиярдың пішіні қандай ?</p> <p>-Ал түсі қандай?</p> <p>-Картоптың пішіні қандай пішінге ұқсас?</p> <p>-Картоптың түсі қандай?</p> <p>-осылайша ата оларда үйшікке кіргізеді. Үйшікке жиналған жемістер мен көкөністер қайта</p>			<p><b>Ойын-жаттығулар:</b> («З» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау)</p> <p>а) Алманы ағаштан қалай алатынымызды сұрап, баққа барып себеттерімізге ағаштан үзіпүзіп жемістер жинауды ұсыну (жинайды).</p> <p>ә) Тәтті жемістердің дәмін татқысы келіп ұшып жүрген бал арасы болуды ұсыну (ыз-ыз деп ызылдап ұшады). «З» дыбысы бар қандай жемістер мен көкөністердің атауларын білетіндерін сұрап, бірге қайталау (жүзім, қарбыз, сәбіз)</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p><b>Жұмбақ: Аспай піскен, қайнамай түскен. (Жеміс) (Түсіндіру жұмысын жүргізу: неге ол аспай және қайнамай піседі? )</b></p> <p>Педагог балаларға жемістер мен көкөністердің мол өнім беруі мен үлкен болып өсуінің себебін сұрай отырып, оның еңбекке байланысты екенін, күтіп-баптап өсірген бағбан еңбегінің зор екенін жеткізеді. Жемістер мен көкөністерді жемес бұрын қажетті қолданылатын тазалық кеңестерін дәріптейді</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p> <p>Жаңылтпаш (алма туралы)</p> <p>Бес түп алма, Бестік</p>	
--	--	--	--	--

<p>табысқандарына қуанып мәз болады Ата мен әже жемістермен ағашқа орналастырады .ал көкөністерді бақшаға жерге орналастырады</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Жемістермен көкөністер жақсы өсу үшін не қажет?</p> <p>-Олар жылуды қайдан алады? -Күн қандай пішінге ұқсайды? - Күннің түсі қандай? Олай болса балалар біз «Күн» жасайық.</p> <p>Тәрбиеші сары түсті дөңгелекке қыстырғыштарды қыстыру арқылы күн бейнесін жасап көрсетеді. Балаларға күн бейнесін жасауды ұсынады.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> <b>Дойын «Сиқырлы қоржын»</b> -Балалар, алма, алмұрт, жүзім,өрік қайда өседі? -қызанақ, қияр, асқабақ, картоптар қайда өседі?</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> <b>Дойын : «Жемістер мен көкөністердің дәмін ажырат»</b> Көздері жұмылу күйде жемістер мен көкөністердің дәмін ажыратады <b>Байланыстырып сөйлеу.</b> 1« <b>Байланыстырып сөйлеу алгоритмі</b>» тәрбиеші себетте қалған жемістерді екі тілде айтып таныстырады: -Мынау-алма ( алмұрт, жүзім,банан, апельсин, лимон) -Мынау не?</p>			<p>алғандікі. Төрт түп алма. Төрттік алғандікі., Бестік алған, Төрт түп алмайды. Төрттік алған, Бес түп алмайды. (Сандарды көрсете отырып айтады). <b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Педагог оқу қызметін балаларға күз мезгілінің сыйы жемістер мен көкөністерді себеттерге бөліп салдыра отырып, «Еңбек – адамның екінші анасы» мәтелін қайталап, дәмді алма, алмұрт, жүзімнен дәм татуды ұсыну.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> жемістер мен көкөністерді және олардың пішіндерін ажыратуды; «З» дыбысын дұрыс айтуды; жемістердің бақта, көкөністердің бақшада өсетінін біледі.</p>	
--	--	--	--	--

<p>-Мынау – алма.  -Оның түсі қандай?  -Оның түсі қызыл.  -Ол дәмді ме?  -Иә.  <b>Күтілетін нәтиже:</b> Балалардың тілін сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілеттерін дамиды, сөйлеуге, берілген сұраққа толық жауап беруге тәрбиеленеді, танымдық қасиеттері артады.</p>				
<p><b>Баламен жеке жұмыс:</b> «Түсі бойынша қос». <b>Міндеті:</b> Түстерді ажырата білуге үйрету <b>Шарты:</b> Суреттегі заттарды түсі бойынша сызықпен қосу. Балалар суреттегі заттарды түсімен ажыратып, бір түспен боялған заттарды сызықпен қосады</p>		<p><b>Баламен жеке жұмыс:</b>  <b>«Айырмашылығын тап!»</b>  <b>Міндеті:</b> диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. <b>шарты:</b> қаланың және ауылдың суреттері берілген. Балалар суреттерге қарап, қала мен ауылдың айырмашылығын табады</p>	<p><b>Баламен жеке жұмыс:</b>  <b>«Ц» және «Ч» дыбыстары (сөйлеу мәдениеті)</b>  <b>Мақсаты:</b> Дыбыстар жайлы білімдерін толықтыру. Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс- әрекетіне өз ойын білдіруге баулу.  Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру <b>Шарты</b> «Ц» және «Ч» дыбыстары кездесетін сөздерді суреттен ата</p>	

Коммуникативтік дағдыларды дамыту дағдысы бойынша қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК №8 «Болашақ» бөбекжай-бақшасы.

Қазақ тілі маманы: Кубентаева Улжанат Абдиганиевна

Топ: Қазақ және орыс тіліндегі аралас ортаңғы, ересек тобы «Смешарик»

Жоспардың құрылу кезеңі: 3 - апта 16-20 қыркүйек 2024 жыл

Енбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Апта дәйек сөзі: Білім - қымбат қазына, қанағат тұтпа азына. (Мұзафар Әлімбаев)

Тексерген меңгеруші:



Левченко И.Г.

Дүйсенбі 16.09.2024 жыл	Сейсенбі 17.09.2024 жыл	Сәрсенбі 18.09.2024 жыл	Бейсенбі 19.09.2024 жыл.	Жұма 20.09.2024 жыл
<p><b>Уақыты:</b> ортаңғы тобы <b>«Менің ойыншықтарым»</b> <b>Міндеті:</b> Балалардың сөздік қорларын байыту, ойыншықтардың қазақша атауын есте сақтауға жағдықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. <b>Тілдік дамытушы орта.</b> <b>Педагог жетекшілігімен ойын:</b> «Сөз ойла, тез ойла» Міндеті: Балалардың тапқырлықтарын байқау. Барысы: Тәрбиеші ойыншық түрлерін айтады. Балалар тиісті сөздерді айтып, ойынды жалғастырады.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> «Кімге тиесілі ойыншық?» ойыншықтардың кімге тиесілі екенін анықтайды, ұл мен қыздардың ойыншығын ажыратады. <b>Сөздік қор.</b></p>			<p><b>Уақыты:</b> ересек тобы <b>«Қуыршақ, бізге қонаққа келді (ойыншықты суреттеу жайлы әңгіме құрау)»</b> <b>Міндеті:</b> «Ойыншық» тақырыбы бойынша ауызша сөйлеулерін дамыту. Педагогтің үлгісі бойынша балалардың ойыншықтарды сипаттай білу біліктерін жетілдіру. Өз ойын еркін жеткізуге, жаңа сөздерді меңгертуге баулу; еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту. Эстетикалық талғамын арттыру. <b>Тілдік дамытушы орта.</b> Педагог балалардан қуыршаққа бірлесіп, есімін қоюға ұсыныс тастайды. Мысалы: Сұлушаш, Камшат т.б. Қонаққа келген Сұлушаш қуыршақты дәстүр бойынша жоғары төрге шығару. Сұлушаштың киген көйлегі ұзын, ақ түсті, бүрмелі, әдемі, шашы қос бұрымды, ұзын, көздері дөңгелек, қарақаттай, басына киген бөркі туралы балалармен бірге әңгімелеу. Бөріктің төбесінде үлгідеп тұрған үкісіне</p>	

«Ойыншықтар неден жасалады?»

Ойыншық суреті көрсетіледі, суретке қарап ойыншықтың материалын айтады. Ағаш, пластмасса, темір, т.б атаулармен танысады.

#### **Тілдің грамматикалық құрылымы.**

##### **«Мен жасаған ойыншық»**

Ойыншықтарды қолдан жасауға бола ма? Болса қалай жасаймыз? Ойыншықтар бізге қайдан және қалай келеді? Деген сұрақтар қою арқылы бірізді және нақты айтуға үйрету.

##### **Байланыстырып сөйлеу.**

«Менің сүйікті ойыншығым» Суретке қарап әңгіме құрауды және байланыстырып сөйлеуді үйрету, баланың сөздік қорын байыту.

**Күтілетін нәтиже:** Күнделікті қолданыстағы сөздерді пайдаланып, ауызша мәтін құрап айтуға үйренеді.

тоқталу. Оны үкі құсының қауырсынынан алынғанын және оның ерекшелігін айту.

##### **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**

Дидактикалық ойын: «Өз орнына орналастыр» Мақсаты: Балаларды суретке қарап, әңгімелей білуге үйрету. Ойын шарты: дәптердегі № 2 тапсырма бойынша үкі туралы әңгімелейді және үкі қауырсынын керекті затқа орналастырады. Мысалы. Үкі – орман құсы. Оның жүні ұлпілдек. т.б

##### **Сөздік қор.**

«Қуыршақ» өлеңі  
Сөйлемейсің сен неге,  
Тілің жоқ па, қуыршақ?  
Жуынбайсың сен неге,  
Кірің жоқ па, қуыршақ?  
Аяғың бар ма, сен неге,  
Жүре алмайсың, қуыршақ?  
Жұмсағанда сен неге,  
Тіл алмайсың, қуыршақ?  
Біз күлгенде күлмейсің,  
Аңқаусың ба, қуыршақ?  
Бізбен бірге жүрмейсің,  
Жалқаусың ба, қуыршақ?  
(Р. Тышқанбаев)

##### **Тілдің грамматикалық құрылымы.**

##### **Даусын айнытпай сал:**

Құлыншақтан қуыршақ, Шауып жүріп құлады. Салшы даусын, қуыршақ, Сонда қалай жылады? (Жылаған дыбысты келтіреді).

##### **Байланыстырып сөйлеу.**

Балалар сүйікті ойыншықтары туралы сипаттап айтады. Педагог Сұлушаш қуыршақтың

			<p>қайтатын уақыты болғанын, онымен қолтасып, үйренген жаңа сөздерді қайталап, қонақты шығарып салу</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> ойыншықтарды сипаттай алады. Өз ойын еркін жеткізуге, жаңа сөздерді меңгеруге дағдыланады; еркін қарым-қатынас жасау дағдылары дамиды.</p>	
<p><b>Баламен жеке жұмыс:</b> «Мынау не?» Міндеті Балалардың ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту. ересектермен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдау және түсіне білуге үйрету, ойын арқылы сөздік қорын байыту.</p> <p><b>Шарты:</b> Түрлі суреттегі ойыншықтардың суретін, оның ішінде аюды көрсетіп: – Мынау не? – Бұл – аю. Бұл – жұмсақ пүліштен жасалған үлкен аю. Пүліш – жұмсақ мата. Өзі тап-таза, мойнында қызыл таспасы бар. Ал мынау – кішкентай аюдың баласы ҚОНЖЫҚ.</p>	<p><b>Баламен жеке жұмыс:</b> «Сүйікті ойыншықтар» Міндеті Ойыншықтар туралы әңгіме құрауға, аттарын атай білуге үйрету</p> <p><b>Шарты:</b> Балалар көп ойыншықтардың арасынан допты, қуыршақты және керікті табу, оларды сипаттау, доп домалақ, түсі көк, шарға ұқсайды.</p>	<p><b>Баламен жеке жұмыс:</b> «Заттың атын ата» <b>Міндеті:</b> Балаларға әңгіменің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға, жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыруға үйрету.</p> <p><b>Шарты:</b> Суреттегі ыдыс-аяқтардың атын атау. ( Мынау не? Ыдыс-аяқтар. Ыдыс-аяқтарға кесе, тостаған, қасық, шанышқы т.б. жатады). Оларды не үшін қолданатынын жеке-жеке атайды. Жеке жұмысты қажет ететін балалармен аналарына көмектесуі туралы сұрақ-жауап әдісі арқылы әңгімелесу.</p>		

Коммуникативтік дағдыларды дамыту дағдысы бойынша қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК №8 «Болашақ» бөбекжай-бақшасы.

Қазақ тілі маманы: Кубентаева Улжанат Абдиганиевна

Топ: Қазақ және орыс тіліндегі аралас ортаңғы, ересек тобы «Смешарик».

Жоспардың құрылу кезеңі: 4 - апта 23-27 қыркүйек 2024 жыл

Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Апта дәйек сөзі: «Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы» (Абай)

Тексерген меңгеруші:  Левченко И.Г.

Дүйсенбі 23.09.2024 жыл	Сейсенбі 24.09.2024 жыл	Сәрсенбі 25.09.2024 жыл	Бейсенбі 26.09.2024 жыл	Жұма 27.09.2024 жыл
<p><b>Уақыты:</b> ортаңғы тобы <b>Тақырыбы:</b> «Менің оқулықтарым» <b>Міндеті:</b> Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-г, к-к, ж-ш, з-с, н-н, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. <b>Тілдік дамытушы орта.</b> «Менің сүйікті кітабым» Балалармен отбасында оқыған кітаптарын талқылау. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге, монологтық ойларын байланыстырып құра білуге үйрету.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> «Менің оқулықтарым» балалардың сөздік қорларын байыту, оқулықтардың қазақша аталуын есте сақтауға жаттықтыру. Қазақ</p>			<p><b>Уақыты:</b> ересек тобы <b>«Көліктер»</b> <b>Міндеті:</b> жеңіл көліктің неге олай аталатынын еске түсіреді; атауын айтып, буынға бөліп, дыбыстарды белгілеп, әріптерді толықтырады; жеңіл көлікті қолданғанда қауіпсіздік шараларын пайдаланатындығын біледі; велосипед пен жеңіл көлік жол ережелерін ажыратады; бағдаршамның түстерін танып, қауіпсіздік шараларын қолданады. <b>Тілдік дамытушы орта.</b> <b>Көлік туралы жұмбақтар:</b> Кеудесінде жаны жоқ, Тамырында қаны жоқ: Май жейді, Су ішеді. Бұл не екен балалар? <b>(Мәшинне)</b></p> <p>Күндіз - түні жанамын, Дабыл беріп бәріне Үш түрлі түсім бар, Белгілі жас пен кәріге. <b>(Бағдаршам)</b></p> <p>Тамақты еш жоқтамайды.</p>	

тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету

**Сөздік қор.**

«Кітап неден жасалған?» балалардың өз ойларын айту, тәрбиешінің әңгімесінің жалғасы мен соңын ойдан шығара білуге үйрету.

Сөздік қорға жаңа сөздер: шеберхана, ағаш, қағаз, бамбук, т.б. сөздер

**Тілдің грамматикалық құрылымы.**

Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-к, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.

**Байланыстырып сөйлеу.**

**Суретпен жұмыс:** Суретте не бейнеленгенін айтады, заттарды атайды.

**Күтілетін нәтиже:** Ана тіліндегі барлық дауысты дыбыстарды анық айта алады; сөздегі дыбыстардың орнын анықтайды.

**(Велосипед)**

**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Ата-анаммен ата-әжеме бару үшін жолға шықтық. Қандай қауіпсіздік шарасын сақтау керек, машиналар жайында әңгіме айту (қатынас дағды)

**Сөздік қор.**

Жеңіл көліктің неше дөңгелегі бар? \_\_\_\_\_

Суретте бейнеленген \_\_\_\_\_  
Көлік атауларымен танысу.

**Тілдің грамматикалық құрылымы.**

Көліктің атын атап, буынға бөліп, дыбыстарды ажыратып, әріптерді толықтырып жазып, қарындаштарды тіке және кері санап, бағдаршамның түстерін ажыратып, велосипед пен көлік жолын біліп, жеңіл көліктің жолын анықтау (таным дағды)

**Байланыстырып сөйлеу.**

**Велосипед пен мәшिनенің қандай айырмашылығы мен ұқсастығы бар?** Ой толғау

Көлік пайдаланғанда сақтау қажет қауіпсіздік шараларын айту;  
Көлік бөлігін ажырату, суреттің қалай салынғанын болжау.

**Күтілетін нәтиже:** ойларын жинақтап нақтылау дағдысын игереді; атауын айтып, буынға бөліп, дыбыстарды ажырата біледі; көлік пайдаланғанда сақтауға қажетті қауіпсіздік шараларын меңгереді; салыстыру, анықтауға қажетті дағдысын иеленеді; көлік

			бөлігін ажыратады, суреттің қалай салынғанын болжай алады.	
<p><b>Баламен жеке жұмыс:</b>  <b>«Не істеп жатыр?»</b>  <b>Міндеті</b> Әңгіме құраймыз (шығармашылық элементтерімен әңгімелерді мазмұндауға қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға үйрету. <b>Шарты:</b> Әр балаға түрлі иттердің суретін беріп, олардың қимылдарына қарай не істеп тұрғанын айту. Мысалы: мына ит доппен ойнап тұр, ал мына ит ұйықтап жатыр, екі ит жүгіріп ойнап жүр, бір ит үріп тұр. Жеке жұмысты қажет ететін балалардан сүйікті иті туралы сұрау.</p>		<p><b>Баламен жеке жұмыс:</b> «Менің сүйікті мысығым»  <b>Міндеті:</b> Мысық туралы түсінік қалыптастыру, сурет бойынша әңгіме құрауды жалғастыру, тілде сын есімдерді (кішкентай, тентек, жұмсақ ойынпаз) белсенді қолдана білуге жаттықтыру.  <b>Шарты:</b> Мысықтың қимылына қарай заттарын тауып, сызықпен қос. Мысыққа сипаттама бере отырып, әр бала әңгімелейді. Жеке жұмысты қажет ететін балалардан сүйікті мысығы туралы сұрау.</p>	<p><b>Баламен жеке жұмыс:</b>  <b>«Бізге көлік қалай және қандай көмек көрсетеді?»</b> <b>Міндеті :</b> Көлік туралы түсінік беру, олардың түрлерін ажыратуға, сурет бойынша әңгімелей білуге үйрету. <b>Шарты:</b> «Бізге көлік қалай және қандай көмек көрсетеді?» <b>Міндеті :</b> Көлік туралы түсінік беру, олардың түрлерін ажыратуға, сурет бойынша әңгімелей білуге үйрету. <b>Шарты:</b> Көліктің түрлерін көрсетеді (3–4 түрін көрсету). Алдымен жүк көлігін көрсету. – Мына көлікті жүк көлігі дейді. Бұл көлікпен жүк тасиды. – Ол не тасиды екен? (Құм, тас тасиды). – Жүк көлігі гүрілдейді. «Гүр-гүр-гүр» деген дыбыс шығарады.– Балалар, мынау қандай көлік? (Автобус) – Мына көлікті автобус көлігі дейді. Бұл көлікпен адамдарды тасиды, т.б</p>	

Коммуникативтік дағдыларды дамыту дағдысы бойынша қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: МККК №8 «Болашақ» бөбекжай-бақшасы.

Қазақ тілі маманы: Кубентаева Улжанат Абдиганиевна

Топ: Қазақ және орыс тіліндегі аралас ортаңғы, ересек тобы «Смешарики»

Жоспардың құрылу кезеңі: I-апта, 30 қыркүйек-04 қазан 2024 жыл

Тәуелсіздік және отаншылдық айы

Апта дәйексөзі: «Ел-жұртымның бақыты аталатын, сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!»

Тексерген менгеруші:



Левченко И.Г.

Дүйсенбі 30.09.2024 жыл	Сейсенбі 01.10.2024 жыл	Сәрсенбі 02.10.2024 жыл	Бейсенбі 03.10.2024 жыл	Жұма 04.10.2024 жыл
<p><b>Уақыты:</b> ортаңғы тобы «Бізге көлік қалай және қандай көмек көрсетеді?» <b>Мақсаты:</b> көлік туралы түсінік беру, олардың түрлерін ажыратуға, сурет бойынша әңгімелей білуге үйрету <b>Мақсаты:</b> <b>Тілдік дамытушы орта.</b> ғ, р, з, дыбыстарын естуі бойынша ажыратуға және анық айтуға тіл ұстарту жаттығулары Ға – ға – ға, Шомыламыз суға. Ғай – ғай – ғай, Жаркылдайды найзағай Үз – үз – үз, Жаңбырлы Күз Рақ – рақ – рақ, Саулайды жапырақ <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p>			<p><b>Уақыты:</b> ересек тобы <b>Сүйікті ойыншықтар</b> (ойыншықтар туралы әңгіме құрау). <b>Мақсаты:</b> ойыншықтар туралы әңгіме құрауға, аттарын атай білуге үйрету, дыбыс артикуляциясын нақтылап бекіту, «ң» дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру <b>Тілдік дамытушы орта.</b> Дос болып біз жүрейік, Ойнайық та күлейік. Достық деген тамаша Міне, тұрмыз жараса. <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> «Ойыншықтар неден жасалады?» Әр ойыншыққа сипаттама береді, ойыншықтардың материалдарына талдау</p>	

Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

**Сөздік қор.**

«Бұл қандай көлік» сұрақ-жауап айдары Суреттер арқылы көлік түрлеріне талқылау жасайды

**Тілдің грамматикалық құрылымы.**

«Көлік атауларын дұрыс атаймыз» дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.

**Байланыстырып сөйлеу.**

Суреттегі жағдаяттық суреттерге қарап сөйлемдер құрайды.

**Күтілетін нәтиже:** күлік түрлерінің қажеттілігін біледі, әр көліктің қызметін ажыратады.

жасайды.

**Сөздік қор.**  
**«Бұл қандай ойыншық?»**

Ойын шарты: Балалар көп ойыншықтардың арасынан допты, қуыршақты және керікті табу, оларды сипаттау, доп домалақ, түсі көк, шарға ұқсайды. Жеке жұмысты қажет ететін балалардан сүйікті ойыншықтарын сұрау. Балалар үлестірмелі материалдармен жұмыс жасайды.

**Тілдің грамматикалық құрылымы.**

«Ойыншықтар әлеміне саяхат»

Сурет бойынша ойыншық атауларын айтады.

**Байланыстырып сөйлеу.**

Суреттерге қарап әңгіме құрастырады. «Менің сүйікті ойыншығым...» сөзін ары қарай жалғастырып өз ойыншықтары туралы әңгімелейді.

**Күтілетін нәтиже:**

Әр ойыншықтарға сипаттама беру және

			оларды ойыншықтар арасынан табуды біледі, дыбыстарды дұрыс айту дағдысын үйренеді, ойыншықтарды, ұқыпты, күтіп ұстау керектігін біледі.	
<p><b>Баламен жеке жұмыс:</b>  <b>Ойыншықтар дүкені</b>  <b>Міндеті:</b> Ағаштан, шыныдан, пластамассадан жасалатын ойыншықтар жайлы әңгіме құрау  <b>Шарты:</b> Сүйікті ойыншықтары туралы әңгімелеу</p>		<p><b>Баламен жеке жұмыс:</b> Менің сүйікті үй жануарларым (Өз тәжірибесінен әңгіме құрау)  <b>Міндеті :</b> Үй жануарларының дене мүшелерін атауға, ажыратуға үйрету. <b>Ойын шарты:</b> үй жануарларына байланысты суреттер алып, сол суреттегі жануарды атап, олардың дауысын келтіріп, (мөмө-мө, мяу-мяу-мяу) олар туралы мейірімді сөздерді атау. Мысалы, боташым, құлыншағым.т.</p>	<p><b>Баламен жеке жұмыс:</b> «Әтеш пен Тоты» ертегісі (Үлгі бойынша мазмұнын айту) <b>Міндеті:</b> Баланы тез ойлануға және ұшатын немесе ұшпайтын затты ажырата білуге үйрету.  <b>шарты:</b> Ұшатын заттарды тез анықтап, екі қолын жоғары көтеру керек. Мысалы: Ұшты, ұшты – қарға ұшты! Ұшты, ұшты – қалам ұшты! Ұшты, ұшты – кітап ұшты! Ұшты, ұшты – сауысқан ұшты! Ұшты, ұшты – торғай ұшты! Балалар ойын шартын мұқият тыңдап алады. Қолдарын бір көтеріп, бір көтермейді</p>	